



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ФАКУЛЬТЕТИ



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ халықаралық қатынастар факультеті
30 жылдық мереіт ойы на арналған

«ҚАЗІРГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРИ:
ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ»

тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдар
ЖИНАҒЫ

25 қараша 2020 жыл

СБОРНИК

материалов международной научно-практической конференции
**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОГО МЕЖДУНАРОДНОГО ПРАВА:
ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА»,**

посвященной 30-летнему юбилею образования кафедры
международного права факультета международных отношений КазНУ
им. аль-Фараби
25 ноября 2020 года

COLLECTION

of materials of the International Scientific and Practical Conference
**«ACTUAL PROBLEMS OF MODERN INTERNATIONAL
LAW: THEORY AND PRACTICE»,**

dedicated to the 30 th anniversary of the formation of International Law Chair
of International Relations Department of Al-Farabi Kazakh National University

November 25, 2020



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ халықаралық қатынастар факультеті
30 жылдық мерейтойына арналған
«ҚАЗІРГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРИ:
ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ»
тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдар
ЖИНАҒЫ
25 қараша 2020 жыл

СБОРНИК

материалов международной научно-практической конференции
«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОГО МЕЖДУНАРОДНОГО ПРАВА:
ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА»,
посвященной 30-летнему юбилею образования кафедры международного
права факультета международных отношений КазНУ им. аль-Фараби
25 ноября 2020 года

COLLECTION

of materials of the International Scientific and Practical Conference
«ACTUAL PROBLEMS OF MODERN INTERNATIONAL
LAW: THEORY AND PRACTICE»,

dedicated to the 30 th anniversary of the formation of International Law Chair
of International Relations Department of Al-Farabi Kazakh National University
November 25, 2020

Алматы
«Қазақ университеті»
2021

*Рекомендовано Ученым советом факультета
международных отношений
(протокол № 4 от 25.12.2020 г.)*

Редакционная коллегия:

Сайрамбаева Ж.Т. – Заведующая кафедрой международного права
КазНУ им. аль-Фараби, кандидат юридических наук, и.о. профессора
Баймагамбетова З.М. – доктор PhD., доцент кафедры международного
права КазНУ им. аль-Фараби
Ахметова А.А. – PhD докторант кафедры международного права
КазНУ им. аль-Фараби

«Актуальные проблемы современного международного права: теория и практика»:
сборник материалов международной научно-практической конференции, посвященной
30-летнему юбилею образования кафедры международного права факультета междуна-
родных отношений КазНУ им. аль-Фараби (25 ноября 2020 г.). – Алматы: Қазақ универси-
теті, 2021. – 232 с.

ISBN 978-601-04-5198-8

Материалы конференции включают в себя статьи представителей научного и академического сообщества ведущих
ВУЗов и НИИ страны, ближнего и дальнего зарубежья, представителей государственных структур, дипломатических миссий
и международных организаций, аккредитованных в Республике Казахстан.

Рекомендуется научным работникам и другим специалистам юридических и экономических специальностей, доктор-
антам, магистрантам, бакалаврам юридических и экономических вузов.

BAITUKAYEVA D.U. ACTIVITIES OF THE CIS INTERSTATE SPACE COUNCIL	104
MAULEN A.A. HISTORICAL BACKGROUND AND LEGAL ADAPTATION OF REPATRIATES IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN	108
БАЙЗАКОВА Р. Б. СПЕЦИАЛЬНЫЕ ВИДЫ ОСВОБОЖДЕНИЯ ОТ ОТВЕТСТВЕННОСТИ ПО УГОЛОВНОМУ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВУ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН	112
ХАМИТ А.Х. ДВУСТОРОННЕЕ СОТРУДНИЧЕСТВО РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН С КИТАЙСКОЙ НАРОДНОЙ РЕСПУБЛИКОЙ В СФЕРЕ РАЦИОНАЛЬНОГО ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ТРАНСГРАНИЧНЫХ ВОД.....	115
ADIBAEV A.M. THE LEGAL AND PRACTICAL ISSUES OF INCLUSIVE EDUCATION FOR PEOPLE WITH DISABILITIES IN KAZAKHSTAN AND ABROAD: FROM THE HUMAN RIGHTS PERSPECTIVE.....	118
БЕККАЙРОВ Н.Б. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСТІ ЖҰЗЕГЕ АСЫРАТЫН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМДАР	123

КАДЫРАЛИЕВА Ж.А. НАЦИОНАЛЬНАЯ СИСТЕМА ВИДЕОНАБЛЮДЕНИЯ И ПРОБЛЕМА ЗАЩИТЫ ПЕРСОНАЛЬНЫХ ДАННЫХ	127
ШАЙМАРДАН С.Д. НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ СОЦИАЛЬНО-ПРАВОГО СТАТУСА СОТРУДНИКОВ ДИПЛОМАТИЧЕСКИХ И ИНЫХ ЗАРУБЕЖНЫХ ПРЕДСТАВИТЕЛЬСТВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....	130

СЕКЦИЯ 2
МЕЖДУНАРОДНОЕ И НАЦИОНАЛЬНОЕ ПРАВО
В ПРАКТИКЕ ОТДЕЛЬНЫХ ГОСУДАРСТВ

ЛИФШИЦ И.М. БАЗЕЛЬСКИЕ СТАНДАРТЫ И ИХ ВЛИЯНИЕ НА РЕГУЛИРОВАНИЕ БАНКОВСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В ЕВРОПЕЙСКОМ СОЮЗЕ.....	134
АЙДАРБАЕВ С.Ж., ТЛЕУБЕКОВ С.Т. ДСҰ ЕТ Дауларын шешу тәжірибесіне Халықаралық үйімдардың қатысуы.....	142
BAIMAGAMBETOVA Z.M., SYBANBAYEVA N.K. ANALYSIS OF THE WTO AGREEMENT ON THE APPLICATION OF SANITARY AND PHYTOSANITARY MEASURES (SPS).....	146
САМАЛДЫКОВ М.К. ОБЗОР НАЦИОНАЛЬНОГО И ЗАРУБЕЖНОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА В ЧАСТИ ПРИНУДИТЕЛЬНОГО ЛИШЕНИЯ ГРАЖДАНСТВА И НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ЕГО СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ.....	150
АБДРАХМАНОВА Э.С. ИНСТИТУТЫ МЕЖДУНАРОДНОГО ГРАЖДАНСКОГО ПРОЦЕССУАЛЬНОГО ПРАВА.....	155
АПЕНОВ С.М., УМБЕТБАЕВА Ж.Б. СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕУ САТЫСЫНДАҒЫ ТЕРГЕУ СУДЬЯСЫ МЕН ПРОКУРОРДЫҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРІНІҢ АРАҚАТАНЫНАСЫ	158
СЫЛКИНА С.М. НЕКОТОРЫЕ МЕЖДУНАРОДНО-ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ ЗАЩИТЫ ПРАВ ПАЦИЕНТОВ ПРИ ОКАЗАНИИ МЕДИЦИНСКОЙ ПОМОЩИ	163
СЕРИКОВА Л.С., ЖУБАЙБЕКОВА Э. ЕУРОПА ЕЛДЕРІНІҢ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ КОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ.....	167
АДИБАЕВА А.К. К ВОПРОСУ ОБ ИМПЛЕМЕНТАЦИИ НАКАЗУЕМЫХ ФОРМ УЧАСТИЯ В СОВЕРШЕНИИ ГЕНОЦИДА ПО КОНВЕНЦИИ ООН 1948 ГОДА В УГОЛОВНЫХ КОДЕКСАХ ГОСУДАРСТВ-УЧАСТНИКОВ	170

Айдарбаев С. Ж.,
зан ғылымдарының докторы,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
халықаралық құқық кафедрасының профессоры
aydarbaevs@gmail.com

Тлеубеков С. Т.,
зан ғылымдарының магистрі,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
халықаралық құқық кафедрасының
PhD докторанты
tleubekov.s@gmail.com

ДСҰ ЕТ ДАУЛАРЫН ШЕШУ ТӘЖІРИБЕСІНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚАТЫСУЫ

Түйін. Бұл мақалада ДСҰ ет дауларын шешу тәжірибесіне халықаралық ұйымдардың қатысусы және өзара іс-қимыл негіздері зерттелді. Бірқатар халықаралық ұйымдардың қызметіне және стандарттарына қатысты ДСҰ Келісімдерінің нормалары қарастырылды. Халықаралық ұйымдардың қатысусымен байланысты ДСҰ-ның кейір ет даулары талданды.

Түйінді сөздер: Халықаралық ұйымдар, Дүниежүзілік сауда ұйымы, ДСҰ дауларды шешу тәжірибесі, ДСҰ ет даулары, ДСҰ келісімдері.

Резюме. В данной статье изучены основы взаимодействия и участия международных организаций в практике разрешения споров ВТО по мясу. Рассмотрены нормы Соглашений ВТО, касающиеся деятельности и стандартов различных международных организаций. Проанализированы некоторые споры ВТО по мясу, связанные с участием международных организаций.

Ключевые слова: Международные организации, Всемирная торговая организация, Практика разрешения споров ВТО, споры ВТО по мясу, соглашения ВТО.

Summary. In this article it has been explored the basis of interaction and participation of international organizations in the WTO meat disputes settlement practice. It has been considered provisions of the WTO Agreements concerning the activities and standards of various international organizations. It has been analyzed some of the WTO meat disputes with the participation of international organizations.

Key words: International Organizations, World Trade Organization, WTO Disputes Settlement Practice, WTO Meat Disputes, WTO Agreements.

Дүниежүзілік сауда ұйымының (әрі қарай – ДСҰ) құрылуы мемлекеттер арасындағы дауларды шешудегі жаңа дәүірдің басталуын білдіреді. ДСҰ мүшелері арасындағы сауда дауларын ДСҰ-ның Дауларды шешу жөніндегі органды (әрі қарай – ДШО) қарастырады. Қоғтеген ғалымдардың пікірінше, ДШО-ның құрылуы ДСҰ құрудагы басты жаңалықтарының бірі болды [1].

1995 жылы ДСҰ құрылған уақыттан бастап және 2020 жылдың 15 қарашасына дейін мүше мемлекеттермен ДСҰ-ның Дауларды шешу органдына (әрі қарай – ДШО) 597 шағым жіберілген. Атап айтқанда, осы уақыт аралығында ДСҰ-га түскен шағымдардың жалпы санының 47 дауы ет және ет өнімдері саудасына қатысты болды.

ДСҰ ет дауларын шешу тәжірибесіне халықаралық ұйымдардың қатысусы олардың өзара іс-қимылынан туындаиды. Бұл орайда, біз келесі екі мәселеге көніл бөлуіміз қажет: біріншіден, ДСҰ және халықаралық ұйымдардың өзара іс-қимыл негіздерін қарастыру; екіншіден, ДСҰ шеңберіндегі ет және ет өнімдері саудасына байланысты дауларды қарастыру. Қөзделген екі мәселе өзара тығыз байланысты.

ДСҰ және халықаралық ұйымдардың өзара іс-қимыл негіздері ДСҰ-ның нормативтік-құқықтық базасында бекітілген. Атап айтқанда, ДСҰ келісімдері мен ішкі ережелерінің нормалары өзара іс-қимыл мәселелерін қарастырады.

Мәселен, халықаралық үкіметаралық ұйымдар ДСҰ-ның бақылаушы мәртебесіне ие бола алады, және бұл жағдай олардың өзара іс-қимылының бірден бір көрінісі. Алайда, 1996 жылдың 25

шілдесінде қабылданған WT/L/161 ДСҰ ережесі 3-Қосымшасының 3-тармағына сәйкес, халықаралық үкіметаралық ұйымның ДСҰ-дағы бақылаушы мәртебесі ДШО қызметіне қатысты таратылмайды [2]. Демек, халықаралық ұйымдар ДШО шеңберінде бақылаушы ретіндегі құқықтық мәртебесін пайдалана алмайды.

Жоғарыда аталып өткендей, ДСҰ келісімдері де халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл негіздерін қамтиды. Егер ДСҰ ет дауларын шешу тәжірибесіне халықаралық ұйымдардың қатысуын қарастыратын болсақ, онда осы дауларда қозғалған ДСҰ келісімдеріне назар аударған жөн.

Жалпы алғанда, ет және ет өнімдері саудасы бойынша ДСҰ даулары келесі ДСҰ келісімдерінің ережелерін қозғады: ДСҰ құру туралы келісімі; Тарифтер және сауда жөніндегі Бас келісім (ГАТТ); Ауыл шаруашылығы жөніндегі келісімі; Санитарлық және фитосанитарлық шараларды қолдану жөніндегі келісімі; Саудадағы техникалық кедергілер жөніндегі келісімі; Импорттық рұқсат беру рәсімдері жөніндегі келісімі; Субсидиялар және өтемакы шаралары жөніндегі келісімі; Арнайы қорғау шаралары жөніндегі келісімі; ГАТТ VI бабын қолдану жөніндегі келісім (Демпингке қарсы келісімі); ГАТТ VII бабын қолдану жөніндегі келісім (Кедендік бағалау туралы келісімі); Алдын-ала тиеп жөнелтудің тексеруі туралы келісімі; Тауардың шығарылған жері ережелері жөніндегі келісімі; Саудаға байланысты инвестициялық шаралар жөніндегі келісім (ТРИМС); және Зияткерлік меншік құқығының сауда аспектілері жөніндегі келісім (ТРИПС). Аталған келісімдердің кейбірі халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылына қатысты нормаларды көздейді. Осылайша, бұл келісімдер ережелерінің ет дауларында қарастырылуы ДСҰ мен халықаралық ұйымдардың арасындағы өзара іс-қимылын көрсетеді.

Ауыл шаруашылығы жөніндегі келісімі. Бұл ДСҰ келісімінің 1-қосымшасында Тауарларды сипаттау мен кодтаудың үйлестірілген жүйесі (әрі қарай – Үйлестірілген жүйе) негізінде ауылшаруашылық өнімдер тізімі көзделген [3]. Үйлестірілген жүйе бес мыңдан аса тауар топтарын құрайды, және олардың әрқайсысының өзіндік бірыңғай сыйыптамасы мен логикалық құрылымы бар. Жүйе кедендік тарифтер негіздері ретінде 200-ден аса мемлекеттермен қолданылады. Сонымен қатар, халықаралық саудадағы тауарлардың 98% үйлестірілген жүйе бойынша жіктелген [4]. Осы орайда, біз екі мәселені нақтылауымыз қажет.

Біріншіден, ет және ет өнімдері ауылшаруашылық өнімдері ретінде Үйлестірілген жүйенің тізімімен қарастырылған. Мұнда аталған өнімдер Үйлестірілген жүйенің «ет және тағамдық еттік қосымша өнімдер» деп аталатын екінші тобына кіреді [5].

Екіншіден, Үйлестірілген жүйе, 1988 жылы Дүниежүзілік кеден ұйымымен (әрі қарай – ДКҰ) әзірленген, көпмақсатты халықаралық тауар номенклатурасын ұсынатын, Тауарларды сипаттау мен кодтаудың үйлестірілген жүйесі туралы Конвенциясының Қосымшасы болып табылады (Қазақстан Республикасы бұл Конвенцияға 2004 жылы қосылды). Нәтижесінде, ДСҰ келісіміндегі ДКҰ құжатына тікелей сілтемесі ұйымдар арасындағы өзара іс-қимылын көрсетеді.

Санитарлық және фитосанитарлық шараларды қолдану жөніндегі келісімі. Аталған ДСҰ келісімінің преамбуласында мүше-мемлекеттер арасындағы келісілген санитарлық және фитосанитарлық шараларды халықаралық стандарттар, нұсқаулар мен ұсынымдар негізінде, соның ішінде Кодекс Алиментариус Комиссиясы, Дүниежүзілік жануарлардың денсаулығын сақтау ұйымы және басқа да халықаралық ұйымдар әзірлеген халықаралық стандарттар негізінде қолдану қарастырылған [6]. Осылайша, біз Келісім преамбуласы арқылы ДСҰ мен аталған халықаралық ұйымдар арасындағы өзара іс-қимыл негіздері көзделгенін байқай аламыз.

Кодекс Алиментариус Комиссиясы 1963 жылы БҮҮ-ның Азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымы (әрі қарай – ФАО) мен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен (әрі қарай – ДДСҰ) құрылды. Қазіргі таңда, Комиссияда 189 мүше-мемлекеті бар, Қазақстан Республикасы 2002 жылдан бастап мүшелік етеді. Кодекс Алиментариус немесе «Азық-түлік кодексі» халықаралық азық-түлік саудасының қауіпсіздігі, сапасы мен адалдығына ықпал ететін халықаралық азық-түлік стандарттары, нұсқаулары мен тәжірибе кодекстері болып табылады. Санитарлық және фитосанитарлық шараларды қолдану жөніндегі келісіміндегі Кодекс Алиментариус стандарттарына жасалынған сілтеме Кодектің ДСҰ сауда дауларын шешуге айтарлықтай әсер ететіндігін білдіреді [7]. ФАО және ДДСҰ аясындағы Кодектің ДСҰ-ға деген ықпалы, бұл ұйымдардың бірлескен қызметінің ықпалы деп айтсақ қателеспейміз.

Мәселен, Кодекс Алиментариус «ет гигиенасының нормалары мен ережелері» (CAC/RCP 58-2005) құжатының 3-бөлімінде ет ұйымының анықтамасы келтірілген: «Ет – адам тұтынуға арналған немесе қауіпсіз және осы мақсат үшін жарамды деп есептелетін малдың тұтас етінің барлық бөлшектері» [8].

Дүниежүзілік жануарлардың денсаулығын сактау ұйымы (әрі қарай – ДЖДСҰ) туралы айтатын болсақ, бұл халықаралық үкіметаралық ұйым ДСҰ-ның анықтамалық ұйымы ретінде танылған. Қазіргі таңда ұйымға 182 мүшесі мемлекет кіреді. Сонымен қатар, ДЖДСҰ 75-ке жуық халықаралық және аймақтық ұйымдармен тұрақты қатынастарын орнатқан, әрі оның барлық континенттерде аймақтық кеңселері бар [9].

ДСҰ ет дауларын шешу тәжірибесінде ДЖДСҰ-ның Құрлықтағы жануарлардың денсаулығы Кодексінің (әрі қарай – Кодекс) маңызы орасан зор. ДСҰ ет дауларындағы аралық топтардың баяндамаларында бұл Кодекстің ережелеріне тікелей сілтеме жасалынады.

Мысалы, АҚШ-тың Индияға қарсы ет саудасына қатысты дауында (DS 430) ДСҰ аралық тобының шешімінде Санитарлық және фитосанитарлық шараларды қолдану жөніндегі келісімінің 3.1 және 3.2 тармақтарының ережелері бұзылғаны туралы баяндалған [10]. Келісімінің 3.1-тармағына сәйкес, мүшесі мемлекеттер өздерінің санитарлық және фитосанитарлық шараларын халықаралық стандарттар, нұсқаулар мен ұсынымдарға негіздейді. Сондай-ақ, Келісімінің 3.2-тармағына сәйкес, халықаралық стандарттарға негізделген санитарлық және фитосанитарлық шаралар адамдардың өмірі мен денсаулығы, және жануарлар мен өсімдіктердің денсаулықтарына қайшы келмеуі тиіс. Нәтижесінде, аралық топтың шешімі бойынша Индияның қолданылған шаралары ДЖДСҰ-ның Кодексі ережелеріне негізделген жоқ.

Сонымен қатар, ДЖДСҰ ДСҰ ет дауларын шешу тәжірибесіне сараптамалық және анықтамалық қызметі арқылы қатысады. Мысалы, Аргентинаның АҚШ-қа қарсы ет дауы (DS 447) шенберінде, Келісімінің 5.1-тармағына қатысты «қауіп-қатерлерді бағалау талабы» ережесі бойынша жануарлардың аусыл ауыруына қатысты анықтама берді [11].

Жоғарыда аталған халықаралық ұйымдардың ДСҰ ет дауларын шешу тәжірибесіне қатысуы және олардың халықаралық стандарттарының маңызы өз пәрменділігін көрсетеді.

Саудадағы техникалық кедеरгілер жөніндегі келісімі. Келісімінің 1-Қосымшасында Халықаралық стандарттау ұйымының стандартына сілтеме жасалған [12]. Халықаралық стандарттау ұйымы қызметіне стандарттау жөніндегі ұлттық органдар кіретін, үкіметтік емес дербес халықаралық ұйым болып табылады [13]. Келісімінің 1-Қосымшасында стандарттау және онымен байланысты қызметке арналған жалпы терминдер мен олардың анықтамалары қарастырылған. Бұл ереже Австралияның Еуропалық Одаққа қарсы дауында (DS 290) қозғалған. Демек, ет дауларын шешу тәжірибесіндегі ДСҰ мен Халықаралық стандарттау ұйымының өзара іс-қимылын сілтемелік нормаларын қолданысынан көре аламыз.

ДСҰ құқығы жөніндегі консультативтік орталық. Сондай-ақ, ДСҰ қызметіне қатысатын басқа да халықаралық ұйымдардың арасынан ДСҰ құқығы жөніндегі консультативтік орталығын атап өтуге болады. ДСҰ құқығы бойынша консультативтік орталық (әрі қарай – Консультативтік орталық) 2011 жылы құрылған, ДСҰ-дан дербес халықаралық үкіметаралық ұйым болып табылады. Консультативтік орталық ДСҰ шенберіндегі дауларды шешуде өз мүшелеріне құқықтық көмек көрсетеді, заңдық кеңестер береді, сонымен қатар, ДСҰ құқығы бойынша семинарлар өткізу арқылы мемлекеттік қызметшілерге арналған даярлау өткізеді. 2019 жылы Қазақстан Республикасы Консультативтік орталыққа қосылуы туралы хаттамаға қол қойды [14].

ДСҰ ет дауларын шешу тәжірибесіне тоқталатын болсақ, мұнда талапкер немесе үшінші тарап атынан Консультативтік орталық қызметкерлері тарапынан құқықтық қолдау көрсетілді. Атап айтқанда, Тайландтың Еуропалық Одаққа қарсы ет дауында (DS286) Тайланд мемлекетіне, АҚШ-тың Индияға қарсы дауында (DS430) АҚШ-қа, DS 477 және DS 478 Индонезияға қарсы дауларында сәйкесінше Жаңа Зеландия және АҚШ тарапынан, Бразилияның Индонезияға қарсы ет дауында (DS484) Бразилия мемлекетіне, Қытайдың Еуропалық Одаққа қарсы ет дауына (DS492) үшінші тарап ретінде қатысқан Тайланд мемлекетіне құқықтық көмек көрсетілді [15].

Осылайша, ДСҰ ет дауларын шешу тәжірибесіне халықаралық ұйымдардың қатысуы түрлі нысанда жүзеге асады және өзара іс-қимыл негіздеріне байланысты болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Van de Bossche P. From Afterthought to Center-piece. The WTO Appellate Body and its Rise to Prominence in the World Trade System // Maastricht Faculty of Law Working Paper. 2005. Oct. – P. 5.
2. Document WT/L/161 of 25.07.1996 “Rules of procedure for sessions of the Ministerial Conference and meetings of the General Council” / World Trade Organization Official Website // [электрондық ресурс] URL: <https://docs.wto.org/dol2fe/Pages/SS/directdoc.aspx?filename=q:/WT/L/161.pdf&Open=True> [қолжетімділік]

күні 20.11.2020 ж.]

3. WTO Agreement on Agriculture, Annex 1A to the Marrakesh Agreement, Apr. 15, 1994. – U.N.T.S. Vol. 1867, No. 31874 – pp. 410.
4. What is the Harmonized System (HS) / World Customs Organization Official Website // [электрондық ресурс] URL: <http://www.wcoomd.org/en/topics/nomenclature/overview/what-is-the-harmonized-system.aspx> [қолжетімділік күні 20.11.2020 ж.]
5. HS Nomenclature 2017 Edition / World Customs Organization Official Website // [электрондық ресурс] URL: <http://www.wcoomd.org/ru-ru/topics/nomenclature/instrument-and-tools/hs-nomenclature-2017-edition.aspx> [қолжетімділік күні 20.11.2020 ж.]
6. Agreement on the Application of Sanitary and Phytosanitary Measures, Annex 1A to the Marrakesh Agreement, Apr. 15, 1994. – U.N.T.S. Vol. 1867, No. 31874 – pp. 493.
7. About Codex Alimentarius / Codex Alimentarius International Food Standards / the UN Food and Agriculture Organization Official Website // [электрондық ресурс] URL: <http://www.fao.org/fao-who-codexalimentarius/about-codex/en/> [қолжетімділік күні 20.11.2020 ж.]
8. Codex Alimentarius Code of hygienic practice for meat (CAC/RCP 58-2005) / the UN Food and Agriculture Organization Official Website // [электрондық ресурс] URL: http://www.fao.org/input/download/standards/10196/CXP_058e.pdf [қолжетімділік күні 20.11.2020 ж.]
9. About the World Organisation for Animal Health (OIE) / World Organisation for Animal Health Official Website // [электрондық ресурс] URL: <https://www.oie.int/about-us/> [қолжетімділік күні 20.11.2020 ж.]
10. India – Agricultural Products; Panel Report, India – Measures Concerning the Importation of Certain Agricultural Products, WT/DS430/R
11. US – Animals; Panel Report, United States – Measures Affecting the Importation of Animals, Meat and Other Animal Products from Argentina, WT/DS447/R
12. Agreement on Technical Barriers to Trade, Annex 1A to the Marrakesh Agreement, Apr. 15, 1994. – U.N.T.S. Vol. 1868. – pp. 120.
13. About the ISO / International Organization for Standardization Official Website // [электрондық ресурс] URL: <https://www.iso.org/about-us.html> [қолжетімділік күні 20.11.2020 ж.]
14. Қазақстан Дүниежүзілік сауда үйымының құқығы бойынша консультативтік орталықпен өзара әрекеттесуді нығайтуда / Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігінің реңми сайты // [электрондық ресурс] URL: <https://www.gov.kz/memlekет/entities/mti/press/news/details/kazakhstan-ukreplies-aet-vzaimodeystvie-s-konsultativnym-centrom-po-pravu-vsemirnoy-torgovoy-organizacii?lang=ru> [қолжетімділік күні 20.11.2020 ж.]
15. Assistance in WTO dispute settlement proceedings, Support provided by the ACWL's staff / Official Website of the Advisory Centre on WTO Law // [электрондық ресурс] URL: <https://www.acwl.ch/wto-disputes/> [қолжетімділік күні 20.11.2020 ж.]